

Темекі шегудің әсерінен қандай аурулар пайда болады

Өкпе және тыныс алу жолдары

Темекінің ағзаға зияны бірінші тыныс алу жүйесіне әсер етеді. Зиянды заттар тыныс алу жолдарының тіндерін зақымдап, кеңірдек түктерінің қызметін бәсеңдетеді.

Шайырлар өкпе альвеоласын бітеп, газ алмасу орнын азайтады. Азот оксиді тыныс алуды қиындата отырып, бронхты тарылтады. Соңында барлық деммен кірген заттар мен микроағзалар өкпе тіндерін бітеп, қанның құрамына сіңеді де, бүкіл ағзаға тарайды. Темекі шегу бронх демікпесі, созылмалы ринит, туберкулез, созылмалы өкпе ауруларына (бронхит және т.б.) шалдықтырады немесе оларды асқынтады, сондай-ақ суық тию мен тұмаумен ауыру жиілігін арттырады.

Жүрек-қантамыр жүйелерінің аурулары. Никотин тамырлардың тарылуына ықпал етіп, уақыт өте келе аяқ-қолдың ұсақ тамырларының бітелуіне алып келеді. Иіс газы күретамырларға жиналып, қанның жүруін бәсеңдетеді, гемоглобинмен бірігіп гипоксияға, яғни ауаның жетіспеуіне әкеліп соғады. Адреналин секрециясын күшейту артериялық қан қысымын көтеріп, жүректің жиырылу жиілігін жеделдетеді. Жалпы көңіл-күй түсіп, белсенділік пен еңбекке қабілеттілік төмендейді. Сонымен қатар, темекі шегу қан құрамындағы холестерин деңгейін арттыратындықтан қауіпті, ол ұйыған қанның пайда болуы, инфаркт пен инсульттің қаупін тудырады.

Обыр. Темекіге құштарлықтың өте зиянды салдары бронх, өкпе, кеңірдек, көмей, өңеш, қуық пен ұйқы безінің онкологиялық аурулары болып табылады.

Ас қорыту мүшелерінің ақаулары (тоқ ішекте полиптердің пайда болуы, асқазан мен ұлтабардың жарасы, гастрит, іштің шаншуы – ішектің шырышты қабығының қабынуы және т.б.)

Ауыз қуысы аурулары. Темекі шегудің салдары тіс эмалінің сарғаюы ғана емес, жара гингивит, пародонтит, шырышты қабықтың онкологиялық зақымдалуы секілді қауіпті ақаулар болып табылады.

Қимыл-тірек аппаратының бұзылуы. Темекі шегу сіңір мен байламдарға, сондай-ақ бұлшықет тіндеріне зиянды әсер етеді. Темекінің әсерінен ағзада кальцийді сіңіру нашарлап, остеопорозға шалдығады да, сүйектің сыну жиілігі және ревматоидтық артритке шалдығу қаупі артады.

Көз аурулары (торқабықтың зақымдалуы, нистагм (көз алмасының қозғалысының ауытқуы), темекі амблиопиясы (көздің көрмеуі), диабет ретинопатиясы (қант диабетімен ауырғанда көз торқабығы тамырларының зақымдалуы, катаракта және т.б.)

Репродуктивтік жүйенің ауыруы. Темекі шегу жыныс мүшесінің қызметінің бұзылуына, белсіздікке шалдығуға, болашақ аналар мен олардың ішіндегі ұрықтың саулығына қауіп төндіреді.

Басқа аурулар (қант диабетінің II типі, депрессия, ұмытшақтық, естудің бұзылуы және т.б.)

Темекі шегудің сыртқы келбетке қандай зияны бар

Тері. Созылмалы гипоксия мен тамырдың тарылуы шылымқордың терісінің қанмен қамтамасыз етілуі бұзылады да, оған нәрлі заттармен ауа бармайды. Тері сұрланып, сусызданып шаршаңқы көрінеді. Терінің созылғыштығын жоғалтуының салдарынан мимикалық әжімдердің көлемі артады.

Сымбат. Темекінің арықтауға көмектесетіндігі туралы кең таралған өтірікке қарамастан, шылымқордың май қыртысының таралуы қалыптан ауытқиды: майлар бел мен кеуденің айналасына жиналады. Жамбасқа майдың жиналуы төмендейді. Жамбас пен белдің көлемінің үйлеспеуі туындайды.

Ауыз қуысы. Галитоздан (сасық дем) басқа темекі шегудің салдарынан эстетикалық кемшілік пайда болады: тістің эмалі сарғаяды. Темекі шегу ауыз қуысының қабынуына, ауыз қуысының қышқылдық-сілтілік тепе-теңдігінің бұзылуына, тісжегі, эмальдің сызат алуы, пародонтоз және т.б. шалдықтырады.